

Международный научно-популярный журнал
ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№4 (60) 2018



Филология факультеті

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№4(60) 2018

ӨНЕРТАНУ – ФИЛОСОФИЯ –
ЭКОНОМИКА – ТЕХНИКА - БИОЛОГИЯ

Астана 2018

ФИЛОСОФИЯ

Жақыпбек Алтаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филос.ғ.д.,
e-mail: altaev.kaznu@gmail.com

Шаттық Әлиев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
философия докторы (PhD), e-mail: shattyk.85@mail.ru

Досжан Балабекұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты,
e-mail: balabekuly93@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУ

Түйіндеме. Мақалада ақпараттық өркениет жағдайындағы әлеуметтік басқарудың мәселелері қарастырылады.

Резюме. В статье рассматриваются проблемы социального управления в условиях информационной цивилизации.

Summary. Article is devoted to the problems of social management in the conditions of information civilization.

Бұқаралық ақпарат құралдарының соңғы жарты ғасырда қаулап өсуі біздің адамзаттық мүмкіндігімізді, біздің мәдени кеңістігімізді белгілі бір мөлшерде кеңейтіп қана қойған жоқ, ол біздің өркениетімізді адам танымастай етіп өзгертіп жіберді. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси-биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді. Бұқаралық ақпарат құралдарының даму үдерісіндегі ең қуатты алғышарт компьютер мен Интернет бүгінде басқаларынан қара үзіп кетті. Ол барлық әлемді құшағына қамтып, кез келген ақпарат көзімен әп-сәтте-ақ байланысқа түсе алады. Бұл бір жағынан заман талабы, осы «коммуникациялық революция» тудырған процестен біз де қалыс қала алмаймыз.

Ақпараттық қарым-қатынастың дамуы әлеуметтік өмірге үнемі жаңаша сапалық өзгерістерді әкеліп, қоғамдағы ақпарат ағынының аясын кеңейтті. «Бүгінгі күні толықтай алып қарастырғанда ақпараттық қоғам дамуының әлемдік үш модулі анықталып қойылды: еуропалық, латынамерикалық, азиаттық» [1].

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры болып табылады, адамзат қауымы дамудың жаңа сатысына - ақпараттық қоғамға аяқ басты. Біз күз болып отырған қазіргі заманға зерттеушілер түрлі анықтама беруде: біріншілері «жаһандану ғасыры» деп атаса, екіншілері «постмодернистік», үшіншілері «ақпараттық» қоғам деп баға беруде. Бір анығы, біз «ақпараттық жарылысқа» негізделген ақпараттанған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Қаласак та, қаламасак та заман ағымы осылай. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осының айғағы. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды. Сол себепті, қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз, оның болашақтағы салдарлары қандай болады, оның негізгі қырларын түсіну – бүгінгі таңда әлеуметтік-философиялық талдаудың маңызды міндеттері болып қалуда.

«Ақпараттық қоғам» идеясы алғаш рет өткен ғасырдағы 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында бірқатар ғалымдардың, атап айтқанда, Д.Белл мен Э.Тоффлердің зерттеулерінде көрініс тапты. Олар адамзат өркениеті аграрлық және индустриялық даму кезеңдерінен кейін жаңа ақпараттық кезеңге қадам басады деп есептеген. Ақпараттық қоғамның тұжырымдамасын

зерттеушілер «технологиялық жаңашылдықтар түбегейлі мәдени және әлеуметтік өзгерістер туғызады, әлем мүлдем өзгеше болады» деген дәйектермен келтіреді.

Зерттеушілер атап өткендей, «жаһандық ақпараттық қоғам» термині ең алдымен саяси, экономикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ақпарат пен білімнің рөлі үздіксіз артып отыруына байланысты дамитын аса ауқымды біртұтас ақпарат индустриясы деген ұғымнан тұрады. Бұл құбылыс жаһандық компьютер желілерінің, бірінші кезекте интернеттің пайда болуымен тығыз байланысты. Осылардың дүниеге келуі және бүкіл әлемде басталып кеткен нарықты ырықтандыру нәтижесінде, коммуникациялық қызмет түрлерінің арзандауы ақпараттық саланың күрт дамуының және оның әлеуметтік рөлі арта түсуінің негізгі екі факторы болып табылады.

Ақпараттық қоғам теориясы туралы, электронды қоғамның әлемдік тәжірибесі туралы Й. Масуда, О. Тоффлер, Г. Бехмани, Д. Белл, К. Акер, Дж., Б. Хак, Б. Лоудер, А. Макинтош сияқты көптеген шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Ақпараттық қоғамда ағартушылық, білім мен ғылым маңызды орынға ие. Ақпараттық қоғам – бұл, ең алдымен, «білім қоғамы», «ақыл-ой қоғамы», «интеллектуалды қоғам». Жапон әлеуметтанушысы, Жапониядағы ақпараттық қоғам құру Ұлттық бағдарламасының авторы Й. Масуда былай деп жазады: «ақпараттық қоғам алдыңғы қоғамнан толықтай ерекшеленетін қоғамның жанаша түрі болады» [2].

Э.Фромм былай деп жазады: «Кибернетикалық дәуірде тұлға барған сайын манипуляция құрығына ілініп келеді. Жұмыс, қажеттілік, адамның бос уақыты жарнама мен идеологияның көмегімен толықтай басқару ықпалына түскен. Адам әлеуметтік кеңістіктегі өзінің белсенді, жауапты қызметін жоғалтып алады; толығымен «бақылау» құрсауында қалып, жалпы жоспарға алынбайтын кез келген мінез-құлық, әрекет, ой немесе сезім оған үлкен қолайсыздық тудырады деген түсінікке бой үйретеді; іс жүзінде ол кім болуы керек болса, сол адам. Егер ол өз-өзімен жүргісі келсе, онда полицейлік мемлекеттерде өзінің бостандығы мен және тіпті өмірін де қатерге тігеді; демократиялық қоғамда мансабының өсуіне немесе жұмысын жоғалтып алу қаупіне ұшырайды, және ең бастысы, өзін оқшау жүргендей, басқалармен қарым-қатынасты үзгендей қорқыныштың шенгеліне түседі» [3].

БАҚ – кейде қоғамдық пікірді білдіретін және шынайы билікке ықпал ететін, тіпті оның мүмкіндіктерін бір сәтке болса да шектейтін күш. Осы арқылы медиамәдениет қоғам мен мемлекет, билік пен тұлға арасындағы делдал ретінде көрініс табады.

Сонымен бірге, жаңа билік қарым-қатынасы саяси биліктің механизмдеріне әсер ететін ақпараттық қоғамның жаңа мәдени формаларының туындауына негіз болуда, олар – медиамәдениет, ақпараттық мәдениет, желілік мәдениет т.б.

Медиамәдениетті бекерге «төртінші билік» деп атамайды, бұлай айтқанда, медианың адам сезімі мен санасына жүргізген қуатты, сан қырлы және ауқымды билігін ескеріп отыр. Масс-медиа қызметі, Н.Луманның пікірінше, «қоғамдық жүйелерді өзіндік бақылауды басқарудан тұрады, мұның аясында басқалардың ортасындағы кейбір нысандардың дербестелуі емес, әлемді жүйеге және сыртқы әлемге бөлудің тәсілдері ұғынылады» [4].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, медиамәдениет ақпараттық қоғамның билеп-төстеуші мәдениеті, оның болмысы сөздік, дыбыстық және визуальды бейнелер көмегімен әлемнің социумдарын тұрпатын тудыратын дәстүрлі және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының әрекетімен тығыз байланысты.

Компьютерлік жүйенің жылдамдықпен дамуы XX ғасырдағы ақпарат құралдарынан мүлде өзгеше сандық технологияға көшкен, жаңа құралға негізделген жаһандану заманының ақпараттық кеңістігін құрып отыр. Бүгінде Интернетте кең масштабтағы ақпараттық базасы бар, дауыс-дыбысымен сақталған, кері байланыс орнатылған мультимедианың барлық сипатын өн бойына сіңірген «онлайн - газеттер» мен «онлайн - журналдар» пайда болды. Зерттеушілердің болжауларына, компьютерлік ақпараттық қатынас жүйесінің көмегі арқылы мерзімді баспасөз, радио, телевизия үшеуінің өзара бірігіп, бір-біріне сіңісу үрдісі жүрілмек.

Басқару мәдениетінде рационалды бастау, білім, заманауи концепциялар, ғылыми технология ерекше маңызға ие. Заманауи білімсіз қоғамды реформалауға, мемлекеттік реттеуді сауатты жүзеге асыру бүгінгі жағдайда мүмкін емес. Халықтың ақпараттануы мемлекет үшін қауіпті болмайды, керсінше егер ақпарат уақытылы және толыққанды жететін болса, онда ол мемлекет үшін де, қарапайым халық үшін де пайдалы, игілікті болады.

Бүгінгі таңда ақпаратқа негізделген қоғамда басқару мәселесі өз өзектілігін жойған жоқ және ол болашақта жаңаша қарқын алуы мүмкін.

Заманауи саяси билік бұрынғы қоғамдық дамудың үрдістерінен арылып, жаңаша мәнге ие болуда. Бүгінгі таңда жеке тұлға мен қоғамға үлкен әсерін тигізетін БАҚ пен Интернет арқылы саяси билік жаңа идеологиялық ақпараттық-коммуникативтік ресурсқа ие болуда. Уақыттың жылдам

өзгеруі, күн санап қоғамымызға еніп жатқан жаңашылдықтар сәйкесінше, саяси билік пен басқарудың жаңа түрлерін қажетсінуде. Ақпараттық желілер барлық сала мен билік құрылымдарын бір-бірімен араластырып жіберуде.

Бәрімізге белгілі ағылшынның «менеджмент» (басқару) сөзі өзінің бастауын латынның «манус - қол» деген сөзінен алған. Алғашқы кезде ол жануарларды басқаруға және жылқы малына бас білдіру өнерін білдірді. Содан кейін ғана бұл сөз адам іс-әрекеті шеңберіне ауысып, адамдар мен ұйымдарды басқарудың тәжірибесі мен ғылым аймағын білдіре бастады. Басқару – бұл мақсатқа жету, қоғамның міндеттерін, пайдалы қорытынды алуға бағытталған, белгілі әдіс-тәсіл мен әрекеттердің көмегімен тиімді ұйымдастыру. Ерекше басқару болып жатқан әрекеттердің мәнін танудан, жаңа идеяларды ұсынумен, ақыл-ойға негізделген басқарудың деңгейімен анықталады. Инновациялық мақсат пен міндеттерді, бірегей әдістерді қолданбай басқару процесі тиімді болмайды. Негізінде басқарудың төрт негізгі қызметі бар: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Бүгінгі күні персоналды басқару мәселесі қоғамдағы ең өзекті сұрақтардың біріне айналууда. Әрбір басқарудың негізінде адами фактор тұруы қажет. Мысал ретінде жапон менеджментін айтуға болады. Жапонияның басқару мәдениеті классикалық еуропалық менеджмент тұжырымдамасы мен жапон дәстүршілдігінің қосындысынан құралған. Олар өздерінің төл тұжырымдамасын жасап шығарды. Жаңа технологияның барлығы адамның еңбекке деген мотивациясын оятуға негізделген. Жапон өндірісі жұмысшы үшін келісім, қауіпсіздікке негізделген. Бұл өндірісті ұйымдастыруда техникалық жағына аса көп мән беретін американдық басқаруға қарағанда әлдеқайда тиімді.

Басқару – қоғамды реттеу мен жетілдіру мақсатымен оған қатысты ерекше іс-әрекет. Басқару келесі кезеңдерден тұрады: ақпаратты өңдеу және талдау, оны жүйелендіру, талдау және оған диагноз қою, мұның нәтижесінде болжамдар жасалады және мақсаттар анықталады. Содан соң, іс-әрекетті жоспарлау, ұйымдастыру және оны бақылау, мамандарды таңдау мен пайдалану арқылы шешімдерді қалыптастыру және оны нақтылау жүзеге асырылады. Осылайша, басқару жүйесі қалыптасады.

Ақпараттық қоғамдағы басқару бірнеше мағынаға ие:

1. Қоғамдық пікірге, саясат пен мәдениетке, кәсіпкерлік іс-әрекетке ықпал ететін әлеуметтік және экономикалық институт ретінде.

2. Рухани өндіріс және медиаөнімдерді (газет, журнал, кітап, фильм, телебағдарлама, DVD, CD тауарлары) саласындағы басқару ісімен айналысатын адамдар тобы.

3. Ақпаратты өндіру мен тұтыну процестерін, медиа техникалық-ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық.

Саяси биліктің қоғамда жүзеге асуында әр түрлі құралдарды қамтамасыз етіп, пайдаланады. Ғылыми әдебиеттерде олар биліктің ресурстары деп аталады. Биліктің ресурстарын жалпы мынандай түрлерге бөлуге болады:

- экономикалық (материалдық қажеттіліктер)
- әлеуметтік (статусты өзгертуге арналған құралдар)
- күш ресурстары (әскер, қару-жарак, полиция)
- ақпараттық (білім және ақпараттық құралдар)
- демографиялық (адам- ең негізгі әлеуметтік құрал).

Осы ресурстардың ішінде қазіргі уақытта Э.Тоффлердің пікірінше білім мен ақпараттық құралдар әлемде ерекше маңызға ие бола бастады.

Ақпараттық қоғам алаңында ақпарат пен білімге негізделген жаңа биліктің түрі басымдыққа ие болып келеді. Жаңа биліктің негізгі сипаты болып – білімнің синтезі ретіндегі интеллект, ақпарат пен коммуникация, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың рухани күші басымдыққа ие болуда. Қоғам неғұрлым интеллектуалды қоғамға айналған сайын, ондағы қоғамдық пікір мен әлеуметтік психиканың ерекшеліктерін ескермей, сол қоғамдағы басқару қиынырақ болады.

Соңғы жылдары адами, қаржылық, материалдық ресурстармен қатар басқару процесінің маңызды ресурстарының бірі ақпарат саналып отыр. Бүгінгі қалыптасып келе жатқан жаңа өркениеттің – ақпараттық өркениетте ақпарат стратегиялық маңызға ие болып отыр. Ақпаратты өндіру мен тұтыну қоғам өмірінің барлық саласындағы даму мен тиімді басқарудың негізіне айналып отыр. Қазіргі заманғы талап бойынша, ақпаратқа ие болу мүмкіндігі қоғамның барлық мүшелері үшін өмірлік маңызға ие құндылыққа айналып отыр. «Әлем дегеніміз бір ұзын кабель болып шыққандай! Ақпарат – білім алу емес, ақпарат – білуге мәжбүрлеу болып табылады» [5].

Ақпараттандыру адамзаттың жаһандық сарқылмас қорына айналып, ақпарат билеген үздіксіз қозғалысқа ие дәуірге аяқ басты. Американдық әлеуметтанушы В. Дайзардтың анықтауына, ақпарат – бұл, ұлттық шекаралар мен бөгеттерді білмейтін құбылыс [6].

Бұл дәуірде басқару құбылысы құлақ естіп, көз көрмеген дәрежедегі мүмкіндікке ие. Ақпараттандыру, басқару мен ұйымдастыру жана өркениеттік дәуірде прогреске жетелейтін зор локомотив секілді мемлекеттердің дамуында қозғаушы күш қызметін атқаруда.

Ақпараттық қоғам төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады: ақпараттық-технологиялық жарылыс тудырған қоғамның жана түрі; білім қоғамы; ақпарат алмасуда уақыт, кеңістік, саяси шекаралар деген ұғымдардың әсері жоқ жаһандық қоғам. Ақпараттық қоғам құру 1980 жылдардың аяғында барлық дамыған елдердің стратегиялық мақсаттарының біріне айналды. Үлкен сегіздік елдері 2000 жылы шілденің 22-сінде қабылдаған “Ғаламдық ақпараттық қоғамның Окинавалық Хартиясында”: “Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ХХІ ғасырдағы қоғамның қалыптасуына ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады” [7] деп тұжырымдалды.

Әлеуметтік басқаруда ақпарат объект пен субъект басқарудағы байланыстырушы буын қызметін атқарып, басқару іс-әрекетін дайындауды қамтамасыз етуде, басқарушылық шешім мен оның қортындысын сипаттауда үлкен мәнге ие.

Жалпы, ақпараттық саладағы проблемалардың зерттелуі мен ғылыми формасы және ақпараттық қауіпсіздіктің жүйесін дамыту мен құруында мемлекеттің өзіне ғылыми талаптарды орынды қалыптастыру қажет. Бұл жағдайда мемлекеттің алдында қоғамның даму бағдарламаларын жүзеге асыру, бұқаралық санада мемлекетті позитивті жағынан көрсетуде белсенді ақпараттық саясат жүргізген жөн болар. Отанға деген сүйіспеншілік, тұрақтылық, патриотизм секілді көңіл күйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек. Ақпарат құралдары бір Отан, бір мемлекеттік тіл, бір ұлттық саясатты насихаттаушы біріккен күш, бірліктің ұйытқысына айналса ғана жекелеген қаржы немесе саяси топтардың қошқоңпары болу қауіпінен құтылады, тәуелсіз Қазақстан алдында тұрған басты міндет те осы.

ХХІ ғасырда Қазақстанда жаңа басқару мәдениеті қалыптасуда. Оның негізгі мәні: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында медиамәдениет қоғам мен мемлекет, индивид пен билік арасындағы делдал қызметін атқаруда.

Қазақстандық ақпараттық өрісті бір мезетте бірнеше ақпараттық тасқын келіп құйылатын тоғанмен салыстыруға болады. Бұлардың ішіндегі ең қуаттысы – Ресейден құйылатын ақпараттық тасқын. Оның кәсібилік деңгейі өте жоғары телебағдарламасы, бірқатар радиостанцияларының хабар таралымы, тұрақты оқырмандары бар газеттері мен салыстырмалы түрде жақсы дамыған Рунеті қазақстандық кеңістіктің үлкен көлемін иеленуде. Біздің қазіргі таңдағы басты мақсатымыз қазақстандық аудиторияға шетелдік ақпарат тасқынына төтеп беретін, онымен нық теңестіре алатын жергілікті БАҚ-тың сапасын арттырып, мемлекетшілдік саясатымызды күшейтуіміз қажет. Бүгінгі таңда күш жинап келе жатқан Казнет бұған толықтай жол ашыл отыр.

Қазақстан мәдениетінің аудиовизуальді кеңістігіндегі қазақ тілі ықпалының шекарасын кеңейту қазақтардың этномәдени сәйкестігінің қайта өрлеуіне жол ашты. Тіптен ұлты бойынша орыс, бірақ жаңалықтар бағдарламасын мүлтіксіз қазақ тілінде жүргізетін дикторлардың теледидар экрандарынан бой көрестуі құбылысы, еш күмәнсіз, телекөрермендер санасында қазақ тілінің орнын нығайтуда үлкен әсер қалдырып отыр.

Қазіргі кезде қазақстандық қоғамның барлық саласында ақпараттандыру процесі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сәй модернизациялауға барынша күш салынып жатыр. Белгілі американ футурологы Э. Тоффлер біздің дәуірімізге тән негізгі белгілерді сипаттай отырып, мынадай баға береді: «Интерактивтілік, мобильділік, өзара байланыс мүмкіндігі, қайтымдылық, жаһандану секілді белгілер. Осылардың барлығы ендігі таңда жана биліктің – ақпараттық биліктің маңыздылығын көрсетеді» [8]. Қазақстан әлемдік өркениет көшінен қалмай, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеріп, оны саяси жүйе мен жалпы қоғам өмірінде кеңінен қолданса ақпараттық ғасырдағы тұрақты даму жолына түспек.

Осылайша, дамып бара жатқан жаңа ақпараттық қоғамдағы басқарудың кейбір аспектілерін әлеуметтік-философиялық талдау жасау бізді бірнеше қорытындыға алып келді. Біріншіден, ақпараттық қоғам – практикалық глобалды және локальды тәртіптің әлеуметтік шындығы. Екіншіден, кейбір заманауи ғылымдар жана ақпараттық қоғамға қатысты жана концепциялар жасап шығуда. Үшіншіден, қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамдағы басқару теориясына қатысты батыстық концепциялар заманауи басқару іліміне үлкен үлес қосуда және ол ілімдерді әртүрлі мемлекеттерде ақпараттық қоғам құру жолындағы тәжірибелік қолдануда үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер:

1. Александровская В.Н. Информационная парадигма прогресса. Донецк: Изд-во ДонНМУ, 2007. - 200 с.
2. Masuda Y. The information society: as post-industrial society. - Tokyo, Japan: Institute for the Information Society, 1980. - 171 p.
3. Фромм Э. Революция надежды. Избавление от иллюзий / пер. с англ. Кротовской Н.А., Рудневой Е. и др. М.: Прогресс, 2005. 80 с.
4. Луман Н. Общество общества. Часть II. Медиа коммуникации. М.: Логос, 2005. 280 с.; Луман Н. Реальность масс-медиа / пер. с нем. А. Антоновского. М.: Практис, 2005.
5. Құлсариева А.Т. Аударма - өркениет феномені: Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертация. - Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006. - 212 б.
6. Dizard W.P. The coming information age. An overview of Technology, Economics and Politics. - Longmann, 1982. - 287 с.
7. Электрондық дерек көзі: <http://www.russianlaw.net/law/acts/28htm>.
8. Тоффлер Э. Метаморфозы власти. Знание, богатство и сила на пороге XXI века. - М.: ООО «Издательство АСТ». - 669 с.

ӨНЕРТАНУ

Майгазиев С.

ҚАЗАҚСТАН ЗАМАНАУИ ӘН ӨНЕРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЭСТЕТИКАСЫ

Ашимова Д.Д., Пригодский Д.В., Божеева А.М.

ПО ПОВОДУ ФИЛЬМА «ПРОШЛЫМ ЛЕТОМ В МАРИЕНБАДЕ»

Пазылақын Т.Ұ.

К ВОПРОСУ О СПЕЦИФИКЕ ЭСТРАДНОГО МУЗЫКАЛЬНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬСТВА

Еркебай А.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ

Қайранов Е.Б., Жұмыр Н.Ж., Сулейменов Т.О.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІ КЕСКІНДЕМЕШІЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕЛЕУ
ӨНЕРІ ДАМУЫНА ҚОСЫП ЖАТҚАН ҮЛЕСІ

(«Рухани жаңғыру» мемлекеттік жоба шеңберіндегі жаңа есімдер)

Қайранов Е.Б., Рахымбеков О.Б., Жунисбаев М.С., Асылбай Қ.Б.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНІҢ ҰЛТТЫҚ МҮСІН ӨНЕРІ ДАМУЫНДАҒЫ Т.Қ. ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Калиакбарова Л.Т., Сыдыкова Р.Ш., Юсупова А.А., Шабденова Д.Р., Есдаулетова К.А.

ДИРИЖЕР БАЗАРГАЛИ ЖАМАНБАЕВ. ЖИЗНЬ В ИСКУССТВЕ

Кулмаков Д.

ВЛИЯНИЕ ТАРКОВСКОГО НА КАЗАХСКИЙ КИНЕМАТОГРАФ

Медеубек М.С., Өтегалиева С.Ы.

ІШЕКТІ-ЫСҚЫШТЫ АСПАПТАРДЫҢ ОРЫНДАУШЫ ҚОЛЫНДА ОРНАЛАСУЫНЫҢ СОЛ ҚОЛ
ТЕХНИКАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ (қазақ қылқобыз, қарақалпақ қобузы, қырғыз қылқығы)

Мусабаева А.М.

ПУТИ РОЖДЕНИЯ И СТАНОВЛЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ГИМНАСТИКИ
КАК ОЛИМПИЙСКИЙ ВИД СПОРТА

Сабитов М.М.

СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КАТЕГОРИЙ «ХУДОЖЕСТВЕННОЕ» И «ТЕХНИЧЕСКОЕ»
В ВОКАЛЬНО – ЭСТРАДНОМ ИСКУССТВЕ

Сейсенбеков К.

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕЛДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИМИДЖІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Токжанов Т.

СЫР МАҚАМДАРЫНДА САҚТАЛҒАН ҚОРҚЫТ САРЫНДАРЫ

ФИЛОСОФИЯ

Алтаев Ж., Әлиев Ш., Балабекұлы Д.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУ

Медетбаев Т.С.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯНЫҢ РЕНЕССАНСЫ

Құдайбергенова Н.Ж., Рамазанова А.Х.

МӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ